

Біржолғы талондар құны туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 128 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 мамырда N 14-12-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 69 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 69 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Созақ ауданының базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметтері ара-тұра сипатта болған жағдайда біржолғы талондар құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақтағы, қосымшаның атауындағы, қосымшаның 18-тармағындағы "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2011.07.04 N 277 Шешімімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының
кезектен тыс XVII сессиясының
төрағасы: *К. Исаев*

Созақ аудандық мәслихатының
хатшысы: *А. Аймұрзаев*

Созақ аудандық мәслихатының
2009 жылғы 27 сәуірдегі

N 128 шешіміне қосымша

Созақ ауданының базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметтері ара-тұра сипатта болған жағдайда біржолғы талондар құны

к/с	Кәсіпкерлік қызмет түрі	Бір жолғы талонның 1 күндік құны
1.	Газеттер мен журналдар	100 теңге
2.	Ұн, нан және нан тағамдары, кондитерлік өнімдер	100 теңге
3.	Азық-түлік тауарларын сату	100 теңге
4.	Киім-кешек, аяқ киім мен бас киімді қоса	100 теңге
5.	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет), бақша дақылдарын сату	100 теңге
6.	Электротехника құралдары	60 теңге
7.	Кеңсе тауарлары, парфюмерия	60 теңге
8.	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	100 теңге
9.	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату, оның ішінде:	
	1) сүт өнімдері	60 теңге
	2) ет және ет өнімдері	150 теңге
	3) жүн және терілер қабылдау	100 теңге
	4) бау-бақша дақылдары	60 теңге
	5) ірі-қара мал, жылқылар сату 1 басына	150 теңге
	6) қой, ешкі сату 1 басына	80 теңге
7) және басқалар	100 теңге	
10.	Жануарлар мен құстардың жем-шөптерін сату	140 теңге
11.	Сыпыртқылар, сыпырғылар сату	30 теңге
12.	Орман жидегін және саңырауқұлақ сату	60 теңге
13.	Құрғақ жемістер, бал сату	60 теңге
14.	Балық сату	100 теңге
15.	Ұсақ-түйек тауарлар сату	60 теңге
16.	Аяқ-киім жөндеу және басқа да ақылы тұрмыстық қызметтер	100 теңге
17.	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	500 теңге
18.	Үй жануарларын мен құстарын бағуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар	60 теңге

